

Төтенше жағдай жариялау туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімінің 2014 жылғы 26 тамыздағы N 9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 қыркүйекте N 3476 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімінің 2014 жылғы 01 қазандағы N 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы әкімінің 01.10.2014 N 10 шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуіріндегі Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, өзендердің деңгейі табиғи көтерілуіне байланысты, көпірлер істен шығып, елді мекендер арасында жол қатынасы тоқтап қалғандықтан, Күршім ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Күршім ауданының Күршім ауылдық округінің Топтерек ауылында, Теректі ауылдық округінің Қайнарлы ауылында, Төсқайың ауылдық округінің Төсқайың ауылында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жою комиссиясының басшысы болып Күршім ауданы әкімінің орынбасары Қ. Әзімбаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Күршім ауданы әкімі аппаратының басшысы А. Әбілмәжіновке жүктелсін.

4. Шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК